

**Қамқоршылық кеңес
ХАТТАМА №5**

Өткізілген күні: 24 қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Спандияр Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ, мәжіліс залы.

Қатысқандар: Ата-аналар қамқоршылық кеңесі мүшелері, мектеп директоры, мектеп әкімшілігі, мектеп психологы, мектеп әлеуметтік педагогы, мектеп медбикесі.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **ЖРВИ және тұмау ауруының көбеюіне байланысты сыныптарды уақытша қашықтықтан оқыту форматына ауыстыру туралы.**

Тыңдалды:

1. Мектеп медбикесі **Қиясова Қ.Қ.** Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2025 жылғы 22 тамыздағы №6 «2025–2026 жылдардың эпидемиялық маусымында тұмауға, ЖРВИ-ға және COVID-19 инфекциясына қарсы санитариялық-эпидемиологиялық, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Қаулысын түсіндіріп өтті. Оқушылар арасында ЖРВИ жағдайларының көбеюіне орай, бір инкубациялық кезең ішінде сынып оқушыларының жалпы санының **30% және одан көп** оқушысы сырқаттанған жағдайда сыныпты толық сауыққанға дейін **бір аптаға қашықтықтан оқыту форматына ауыстыру қажеттілігі** айтылды.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Ш.Ж.Оспанова** санитариялық талаптарға сәйкес оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында оқу процесін уақытша бір аптаға қашықтықтан оқыту форматына көшіруді ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

1. ЖРВИ-мен сырқаттанушылар санының артуына байланысты сыныптар толық сауыққанға дейін екі аптаға қашықтықтан оқыту форматына ауыстырылсын.
2. Бір сынып оқушыларының 20–30%-ы бір инкубациялық кезең ішінде ЖРВИ-мен ауырған жағдайда, осы сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдері оқу процесін кабинеттік емес жүйеде жүргізсін.
3. Барлық пән мұғалімдеріне сабақ кестесіне сай онлайн сабақ өткізу тапсырылсын.
4. Пән мұғалімдері қашықтық форматтағы оқытуды «Білім класс» платформасы арқылы ұйымдастырсын.
5. Сынып жетекшілері:
 - оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы жөніндегі ақпаратты уақытылы әкімшілікке ұсынып отырсын;
 - оқу форматына сәйкес оқу үдерісін талапқа сай ұйымдастырсын;
 - ОРВИ және тұмау инфекциясының алдын алу мақсатында мектепте енгізілетін маскалық режим туралы түсіндіріп, оқушылардың бетпердемен келуін қамтамасыз етсін.
6. Мектеп медбикесі **Қ.Қ.Қиясова:**
 - сырқаттанған оқушылар бойынша күнделікті мониторинг жүргізсін;
 - сыныптардағы эпидемиологиялық жағдай өзгерістері туралы жедел хабарлап отырсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы

Хатшы:

Кудербекова А.С.

Карина А.А.